

## **Алматы облысының 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы**

Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 38-211 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 24 желтоқсанда № 4975 болып тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2018 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 808 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 440 029 359 мың теңге, оның ішінде мыналар бойынша:

салықтық түсімдер 33 914 870 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 1 819 650 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 208 000 мың теңге;

трансферттер түсімдері 404 086 839 мың теңге;

2) шығындар 439 189 548 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 6 193 131 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 11 818 488 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 5 625 357 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо 3 769 246 мың теңге, оның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу 3 769 246 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 9 122 566 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 9 122 566 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 29.11.2019 № 54-277 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша түсімдер Ақсу, Алакөл, Көксу аудандары және Қапшағай, Талдықорған қалалары бойынша

аудандық және қалалық бюджетке 100%, мөлшерінде түсетіні, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша түсімдер Ақсу, Алакөл, Көксу, Қарасай аудандары бойынша аудандық бюджетке 100%, Еңбекшіқазақ ауданы мен Талдықорған қаласы бойынша аудандық және қалалық бюджетке 60%, Жамбыл ауданы бойынша аудандық бюджетке 70%, Талғар ауданы және Қапшағай қаласы бойынша аудандық және қалалық бюджетке 50% мөлшерінде түсетіні, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

4. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануға төленетін ақы", "Орман пайдалануға төленетін ақы" және "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін ақы" кодтары бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

5. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте Іле ауданы бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюдың көлемі 110 092 506 мың теңге сомасында көзделсін.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 47-237 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері 86 273 845 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақсу ауданына 4 310 900 мың теңге;
- Алакөл ауданына 4 459 800 мың теңге;
- Балқаш ауданына 3 544 050 мың теңге;
- Еңбекшіқазақ ауданына 9 212 630 мың теңге;
- Ескелді ауданына 4 326 920 мың теңге;
- Жамбыл ауданына 6 745 825 мың теңге;
- Қаратал ауданына 3 375 140 мың теңге;
- Кербұлақ ауданына 5 001 055 мың теңге;
- Көксу ауданына 3 634 200 мың теңге;
- Панфилов ауданына 5 767 200 мың теңге;
- Райымбек ауданына 6 344 755 мың теңге;
- Сарқан ауданына 3 809 850 мың теңге;
- Талғар ауданына 6 496 795 мың теңге;
- Ұйғыр ауданына 4 095 270 мың теңге;
- Қапшағай қаласына 2 538 495 мың теңге;

Талдықорған қаласына 11 253 970 мың теңге;

Текелі қаласына 1 356 990 мың теңге.

7. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен республикалық бюджетке берілетін трансферттер көлемі 6 569 733 мың теңге сомасында теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімінің 2018 жылдан 2020 жылға көшіруіне байланысты 4 897 732 мың теңге;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыру нормаларын сынақтан өткізу бойынша облыстың ауылдық мектептерінің алынып тасталуына байланысты 65 015 мың теңге;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайуына байланысты 1 606 986 мың теңге.

8. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 99 327 490 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беруге 17 322 493 мың теңге;

денсаулық сақтауға 4 236 975 мың теңге;

әлеуметтік көмекке 27 830 956 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы мөлшерлерін ұлғайтуға 62 263 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге 1 247 681 мың теңге;

жол-патрульдік полицияның саптық бөлімшелерінің қызметкерлеріне, учаскелік полиция инспекторларына және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларына тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы төлеуге 25 215 мың теңге;

инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге 8 166 550 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 9 212 мың теңге;

ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға 3 004 675 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға 9 258 мың теңге;

орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауылдық жерде жұмыс істейтін азаматтық қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге 167 109 мың теңге;

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 21 838 659 мың теңге;

көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға 5 525 820 мың теңге;

төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығыстарды өтеуге 2 122 896 мың теңге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге 776 025 мың теңге;

аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға 3 363 790 мың теңге;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға 3 016 255 мың теңге;

жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға 532 658 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге 69 000 мың теңге.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266; 29.11.2019 № 54-277 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

9. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 38 328 627 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беру объектілерін салуға 4 340 224 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерін салуға 4 432 234 мың теңге;

тұрғын үйлерді жобалауға, салуға және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы үшін уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыруға 1 722 829 мың теңге;

аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін тұрғын үй салуға 2 236 210 мың теңге;"

"4 745 062" саны "4 662 017" санына ауыстырылсын;

"5 984 210" саны "6 284 210" санына ауыстырылсын;

"252 200" саны "925 374" санына ауыстырылсын;

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға 2 710 839 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға 1 846 900 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға 4 745 062 мың теңге;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 5 984 210 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға 2 790 122 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға 4 641 854 мың теңге.

шағын және моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға 252 200 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға 1 735 814 мың теңге.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266; 29.11.2019 № 54-277 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 153 723 098 мың теңге сомасында субвенция түсімдері көзделсін.

11. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 8 916 876 мың теңге сомасында қарыздар түсімдері көзделсін.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

11-1. Алматы облысы бойынша 2019 жылға 2 432 321 мың теңге сомасында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару мақұлдансын.

**Ескерту. Шешім 11-1-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 47-237 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.11.2019 № 54-277 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

12. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

мектептердің ағымдағы шығындарына;

азаматтарға "7-20-25" бағдарламасы бойынша бастапқы жарнасының бөлігін төлеу үшін әлеуметтік көмек көрсетуге;

жеке көмекшілердің қызметін төлеуге;

мамандарды әлеуметтік қолдау көрсету шараларын іске асыруға;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

бруцеллезбен ауыратын санитарлық союға жіберілетін ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара және ұсақ мүйізді малдың) құнын (50 % дейін) өтеуге;

еңбек нарығын дамытуға;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

жұмыспен нәтижелі қамтуды қамтамасыз етуге және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға ;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

ирригациялық жүйе бойынша техникалық паспорттарды жасауға;

аудан (облыстық маңызы бар қалала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою іс-шараларына;

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 47-237 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

13. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және ( немесе) жайластыруға;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға;



сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;  
ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;  
жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға;

Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту;

көлік инфрақұрылымын дамытуға;

моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 47-237 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

14. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредиттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

тұрғын үй жобалауға және салуға.

Көрсетілген кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Алматы облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 17.05.2019 № 47-237 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

15. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте қоршаған ортаны қорғау және объектілерді дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізуге 752 684 мың теңге сомасында көзделсін.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266; 29.11.2019 № 54-277 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

16. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға 22 656 723 мың теңге сомасында көзделсін.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266; 29.11.2019 № 54-277 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

17. Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылға арналған резерві 56 528 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді – Алматы облыстық мәслихатының 28.08.2019 № 52-266; 29.11.2019 № 54-277 шешімдерімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

18. 2019 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2019 жылға арналған аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерді атқару процесінде осы шешімнің 5-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

19. Аудан мен қала әкімдері облыс бюджетінің салықтар мен төлемдер бойынша болжамды көрсеткіштерінің толық және сапалы орындалуын, шаруашылық субъектілердің барлық деңгейдегі бюджетке берешегін азайтуды және қосымша кіріс көздерін табуды қамтамасыз етсін.

20. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың "Бюджет, тарифтік саясат және заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

21. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облыстық мәслихаты сессияның төрағасы

Ә. Алпысбаев

Алматы облыстық мәслихатының хатшысы

С. Дүйсембінов

Алматы облыстық мәслихатының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы "Алматы облысының 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" № 38-211 шешіміне 1-қосымша

## Алматы облысының 2019 жылға арналған облыстық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Алматы облыстық мәслихатының 29.11.2019 № 54-277 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сынып	Атауы		
		Ішкі сынып	
		I. Кірістер	440 029 359
1		Салықтық түсімдер	33 914 870
	01	Табыс салығы	18 996 485
	2	Жеке табыс салығы	18 996 485
	03	Әлеуметтік салық	12 925 418
	1	Әлеуметтік салық	12 925 418
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	1 992 967



	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 649 147
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	343 820
2		Салықтық емес түсімдер	1 819 650
01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	140 017
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	101 189
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы	38 828
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 323 736
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 323 736
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	355 897
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	355 897
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	208 000
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	208 000
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	208 000
4		Трансферттердің түсімдері	404 086 839
01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	112 707 624
	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	112 707 624
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	291 379 215
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	291 379 215

Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
	Кіші функция		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		Атауы	
		II. Шығындар	439 189 548
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	4 943 952
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	3 722 959
	110	Облыс мәслихатының аппараты	84 202
		001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	84 027

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	175
	120		Облыс әкімінің аппараты	3 312 572
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 487 971
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	147 278
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	418 874
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	38 913
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	219 536
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	326 185
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	295 390
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30 795
2			Қаржылық қызмет	246 368
	257		Облыстың қаржы басқармасы	192 208
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	164 203
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	26 005
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 000
	718		Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы	54 160
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52 640
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 520
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	681 729
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	681 729
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	270 117
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 994
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	409 618
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	292 896
	269		Облыстың дін істері басқармасы	292 896
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	63 428
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 068
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	228 400
02			Қорғаныс	1 254 883
	1		Әскери мұқтаждар	64 424
	120		Облыс әкімінің аппараты	64 424
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	30 397
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	34 027

2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 190 459
	287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	1 190 459
	002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	625 991
	004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	164 468
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	400 000
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	14 430 341
	1	Құқық қорғау қызметі	14 430 341
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	13 811 086
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 509 266
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	4 900
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 296 920
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	619 255
	003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	619 255
04		Білім беру	87 391 129
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	31 672 011
	261	Облыстың білім басқармасы	20 413 675
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 519 389
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 286 335
	053	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	414 262
	055	Балаларға қосымша білім беру	20 745
	078	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	16 172 944
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	8 001 420
	079	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	5 792 454
	086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 208 966

	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	3 256 916
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2 482 353
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	774 563
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	10 543 560
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	473 247
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	473 247
	261	Облыстың білім басқармасы	10 070 313
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	10 070 313
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	1 917 205
	120	Облыс әкімінің аппараты	2 680
	019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	2 680
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	211 540
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	211 540
	261	Облыстың білім басқармасы	1 702 985
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1 702 985
6		Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	353 692
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	18 781
	057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	18 781
	261	Облыстың білім басқармасы	334 911
	057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	334 911
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	42 904 661
	120	Облыс әкімінің аппараты	33 400
	068	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету	33 400
	261	Облыстың білім басқармасы	42 871 261
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	137 382
	004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	79 655
	005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	112 062

		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	209 062
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	238 392
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	498 302
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	22 627
		029	Әдістемелік жұмыс	272 531
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 413 439
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	39 858 227
		129	Түркістан облысы Арыс қаласындағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша ағымдағы іс-шаралар өткізу	29 582
05			Денсаулық сақтау	18 049 647
	2		Халықтың денсаулығын қорғау	8 208 504
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	866 314
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	276 727
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	138 835
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	450 752
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	7 342 190
		026	Денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	506 988
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	6 835 202
	3		Мамандандырылған медициналық көмек	4 158 914
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	4 158 914
	4		Емханалар	376 942
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	376 942
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	376 942
	5		Медициналық көмектің басқа түрлері	47 992
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	47 992
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	47 992
	9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	5 257 295
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 257 295

		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	98 575
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	188 361
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	14 630
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	656 642
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	5 161
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	4 293 926
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	42 462 983
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	32 717 865
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	32 073 354
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	696 627
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 733 996
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	284 653
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	516 717
		049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	28 686 796
		056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	154 565
	261		Облыстың білім басқармасы	641 011
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	551 355
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	89 656
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	3 500
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	3 500
	2		Әлеуметтік көмек	1 138 239
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 138 239
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	1 127 199



		055	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	11 040
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	8 606 879
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	8 506 002
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111 498
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 505
		017	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 672
		018	Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	145 647
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	5 569
		037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5 390 438
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	4 618
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	483 368
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	7 282
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	68 700
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	77 967
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 201 738
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	28 113
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	28 113
	270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	72 764
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	72 764
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	32 794 317
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	22 237 972
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	532 658

		011	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	532 658
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	21 704 714
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	8 685 790
		027	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	8 727 645
		140	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 291 279
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	600
		026	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	600
2			Коммуналдық шаруашылық	10 556 345
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	300 719
		030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	300 719
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	10 255 626
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	162 853
		004	Елді мекендерді газдандыру	614 177
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 666
		010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 420 753
		030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	5 017 147
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	25 195
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	12 835
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	15 331 703
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	2 471 319
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	242 138
		016	Мәдениет объектілерін дамыту	242 138
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	2 229 181
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	827 460
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	620 999
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	780 722

2		Спорт	8 228 112
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 632 412
	017	Спорт объектілерін дамыту	1 632 412
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	6 595 700
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59 755
	002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	186 056
	003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	6 187 601
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 884
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	158 404
3		Ақпараттық кеңістік	2 973 774
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	1 912 347
	007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 912 347
	264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	256 088
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	67 165
	002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	138 378
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 077
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	49 468
	273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	439 082
	009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	104 223
	010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	334 859
	743	Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	366 257
	001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	135 079
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	231 178
4		Туризм	515 468
	284	Облыстың туризм басқармасы	515 468
	001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 888
	004	Туристік қызметті реттеу	463 580
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 000
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 143 030

	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	374 022
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	298 624
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	75 398
	273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	219 161
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	62 745
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	156 416
	283	Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	549 847
	001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	38 857
	005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	510 990
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	12 670 074
1		Отын және энергетика	5 839 956
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	5 839 956
	011	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 258 163
	050	Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	4 236 633
	081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	345 160
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	6 830 118
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	6 830 118
	071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	6 830 118
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	42 523 319
1		Ауыл шаруашылығы	37 922 656
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	33 683 563
	001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	183 887
	002	Тұқым шаруашылығын қолдау	1 904 927
	003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5 882
	014	Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	662 725
	019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	20 000
		Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау	

		020	жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	3 164 232
		021	Малды қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, ауыл шаруашылығы малын соятын алаңдарды, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) ұстау және жөндеу	13 423
		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	209 526
		041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	520 000
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	33 716
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	17 196
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	1 444 500
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	8 166 550
		053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	13 664 428
		054	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау	9 258
		055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	9 212
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	3 004 675
		057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өндеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	502 955
		059	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау	5 000
		060	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	50 000
		061	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау	15 000
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	11 000
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	65 471
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 156 688
		020	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	1 156 688

	719	Облыстың ветеринария басқармасы	3 082 405
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	55 815
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	353
	028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	9 170
